Хан Ордасында болған зерттеушілер мен саяхатшылар әкімшілік орталығы мен оның үстінен өтетін магистральды жолдарды да хатқа түсіріп отырған. Хан Ордасында дәстүрлі баспаналар қатар ағаш үйлер қатар қолданыста болған (Ханыков, 1847: 38–39). Я.В. Ханыков жергілікті жердегі суаттар мен құдық суының тұщылығының ерекшелігіне, салыстырмалы түрде Қамыс-Самар көлі маңындағы мерзімдік қоныстардағы құдық суының алғаулығына назар аударған (Ханыков, 1847: 28, 31). М.Я. Киттары Хан құдығының суының дәмін қайнар суына теңеген (Киттары, 1849: 16). Хан құдығының үстіне үлкен шатыр құрылуы, сол кезеңдегі халықтың күрделі құрылыс ісін, әрі гидротехникалық білімді игергенінен мәлімет береді. И. Казанцев те Жәңгір ханның басшылығымен қаздыртқан Нарын құмдарындағы құдық суларының таза, мөлдір екенін айта отырып, грунт суының тұщылығын артизиан суына теңеген (Казанцев, 1867: 307).

Жәңгір хан резиденциясы аумағындағы екі құдықтың да қабырғасы жергілікті Нарын қарағайынан сұрыптау әдісімен жасалынып, біріншісіне аспалы шығыр, екіншісіне қол шығыр орнатылды.

№ 1 – Хан құдығының тереңдігі 5 м., екіншісі 4,5 м. Жергілікті топырақ, құмды, әрі бос, жұмсақ болғандықтан құдық диаметрі кең етіп қазылды. № 1-құдықта су көзі 3,5 м, № 2-құдықта 3 м тереңдіктен көрінді. Құдық қабырғасы опырылып құламас үшін, сұрып негізін отырғызып, таза су шығару үшін түбінен тағы 1 м. ұңғып қазылды, өлі топырағы шығарылып, сұрыпты дәстүрлә әдіспен аяқпен тебіндеп отырғызды. Жалпы тереңдігі — 4 м. Хан құдығына қарағай сұрып Жәңгір хан заманында өсірілген Жасқұс орманындағы қураған қарағайлардан кесілді.

Бөкей Ордасы Нарын құмдарын қазіргі таңда қазылған құдықтар қабырғасын ағаш сұрыппен бекіту кең тараған. Сұрыптауға жергілікті Нарын қарағайы кесіледі. Қураған қарағайды уақытында кесу, ормандағы басқа тірі ағаштарды құрт-құмырсқа түсуден қорғайды. Қарағай ағашы адам ағзасына пайдалы, қарағайдың пайдалы қасиетін қазақ халқы *«балқарағай»* деген теңеумен жеткізген. Хан құдықтарының суы Нарын құмдарының табиғи суының дәмін жоймаған, мөлдір, тұнық, әрі тұщы. Құдық суына қандай шеген салынса, сол шегеннің дәмі судан білінеді. Дәмі судан біліне қоймайтын әрине тал, шілік. Тал-шілік ағаштарын құдық шегеніне салу үшін, оны көктей шауып, жұмсақ кезінде тал бұрау жасап, құдық қабырғасына

ширата өру қажет. Бұрынғы кезде Нарын суы 1–2 м тереңдіктен шыққан. Ал қазіргі кезде су тереңдеп кеткендіктен, тал бұрау салу көп талды шабуды қажет етеді, әрі тал бұрау ұзақ жылдарға шыдамайды. Оның үстіне тал мен шілік ағашы қазіргі таңда қорғалатын өсімдік. Мысалы, 1935 жылы Нарын құмдарында грунт суының деңгейі 0,90–1 м тереңдікте болғандығын жазба деректер айғақтайды (Лавров, Сочеванов, 1938: 64, 70). Тал бұрау салу осындай суы таяз құдықтарда ыңғайлы.

Нарын құмдарында құдық шегендеуге қолданатын өсімдіктер
[Plants used for fortifying well walls in Naryn sands area]
*1-кесте*
*Table 1*

| Латынша атауы | Орысша атауы | Қазақша атауы |
|---|---|---|
| Salix acutifolia Willd | Шелюга | Тал |
| Salix alba L. | Ива белая, ветла, ива древодидная | Тал |
| Salix caspica Pall. | Ива каспийская | Тал |
| Salix rosmarinifolia L. | Ива розмаринолистная<br>Ива трехтычинковая, Лоза | Шілік |
| Tamarix elongata Ldb. | Тамарикс удлиненный, гребенщик | Жыңғыл |
| Tamarix gracillis Willd. | Тамарикс изящный | Жыңғыл |
| Tamarix hispida Willd. | Тамарикс щетинисто волосистый | Жыңғыл |
| Tamarix ramosissima Ldb. | Тамарикс многоветистый | Жыңғыл |
| Pínus | Сосна | Қарағай |

Нарын құмдарындағы жер асты су деңгейі әртүрлі. Арыстанғайлы, Минай, Мат мал шаруашылықтарында 2 м. тереңдікті құраса, Аралсор, Хак тұзды сорының батыс бөлігі т.б. жерлеріндегі сайларда су 3–5 м. тереңдіктен шығады. Я.В.Ханыков Хак тұзды сор аймағындағы ауыз су тереңдігін 1–3,5 фут деп көрсеткен (Ханыков, 1847: 31). А.Харузин Хак сор суларының сипатын «айна секілді» деп сипаттаған (Харузин, 1888: 59–60). Бұл жазба деректер Нарын құмдарының жер асты суларымен қатар, жер үсті сор суларының да өз ерекшелігі барын айғақтайды.

Каспийдің солтүстік аңғарындағы Нарын құмдарында су тұщы әрі минералданған болғандықтан сайлы, опат жерлерден құдық қазу қарқынды қалыптасқан (Якубов, 1955: 78; Лавров, Сочеванов, 1938: 64). 2018 жылы жүргізілген далалық барлау барысында осы өңідің жерасты суының сапасы жергілікті құдық суымен анықталды. «Мат» малшы ауылынан қарағайдан сұрыпталған құдықтың бірінен алынған су үлгісіне келесідей минералдарға сараптама жасалынды. Нәтижесінде Мат суының ауыз суға жарамды әрі тұщы су екені анықталды: натрий, мг/л – 105,5; кальций, мг/л – 68,8; магний, мг/л – 27,8; хлорид-ионы, мг/л – 39,8; сульфат-ионы, мг/л – 105,6; нитрат-ионы, мг/л – 220,0.

2019 жылы қайта қалпына келтірілген екі құдықтың қабырғасына Нарын қарағайының қураған дінінен кесіп салынуы, құдықтың ұзақ қызмет етуіне себеп болары сөзсіз. XX ғасырда ауылға қызмет еткен «Казенный» деген атпен белгілі болған Хан ордасының шығыс қапталынан қазылған құдық та қарағай ағашпен сұрыпталған еді. Осы жердегі жерасты су деңгейін бақылау үшін 1 метр болатын беткі қабатына қазба жүргізілген «Казенный» құдығының бұрышынан көлемі 25х25 см болатын ойық түсірілді, 0,5 м тереңдіктен су шықты, яғни бұл жерде су 1,5 метрден өніп тұр.



*3-сурет.* «Казенный» құдығы. Көмілген. Аршу, қазу барысында көрінген ағаш сұрыпы. «Хан Ордасы» қорық-музей аумағы
[*Fig. 3.* Well “Kazenny”. The slump of the well which is visible after cleaning and excavation.
The territory of the museum-reserve “Khan Ordasy”]

«Казенный» құдығы мен 1-ші құдықтың арасы шамамен 1,5 км. Бірінші реконструкциялық құдықпен бір деңгейде тұрғанымен екеуінің жер асты су жолы екі түрлі. Екі құдықтың да ішкі сұрып көлемі 1,60х1,60 м. Екеуінің де ернеуі 2х2 м етіп алынды. Екі құдық та тек ауыз су алуға арналғандықтан ернеуі тар алынған (4–6-сурет). Мал суғаруға арналған құдықтар ернеуі кең 3–4 м, ал ішкі сұрыпы кемі 2х2 м етіп алынады. Екі құдық әрқайсысының сұрыптары 3,5 куб ағашты қамтыды.



*4-сурет.* № 1-құдықтың ішкі сұрыпының деңгейі
[*Fig. 4.* The height of the inner frame of the well No 1]



*5-сурет.* №1 құдықтың қайта қалпына келтірілген нұсқасы
[*Fig. 5.* General view of the reconstruction of the well No 1]



*6-сурет.* №1 құдық қабырғасын бекіткен сұрыптың жалпы көрінісі
[*Fig. 6.* General view of the inner frame of the well No.1]

БҚО, Жаңақала өңірінде қатқыл жерден қазылған құдықтың қайыр суын шығаруға қолшығыр көмегін қолдану кездеседі. Су көзі толық ашылғанда су қатты өніп тазартпай қояды. Сол уақытта қайыр су тұнық, таза су қорына айналады.

«№ 1-құдық» суының құрамын анықтау мақсатында 43 элементке кеңейтілген химиялық сараптама жүргізіліп, соның ішінде ауыз су үшін жарамды күміс, магний, каллий, кальций, бор сияқты 38 элемент бары және 1 литр суға 50,0 нг күміс анықталды бары анықталды. Қазақы дәстүрлі танымда мұндай суды *«күміс су»* деп атаған (2-кесте).

«№1-құдық» суының химиялық сараптамасы (Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Физика-химиялық әдістерді зерттеу және сараптама орталығы. 31.09.2019).
[Chemical analysis of well №1 (Al-Farabi KazNU, Center of Physical-Chemical Research and Expertise. 31.09.2019)]

*2-кесте*
*Table 2*

| № п/п | Су құрамындағы химиялық элементтер атауы | Нақты алынған нәтиже, өлшем бірлігі | ПДК СП № 209, өлшем бірлігі |
|---|---|---|---|
| 1 | Сутегі көрсеткіші | 6,508 | 6-9 арасы |
| 2 | Жалпы минерализация (құрғақ қалдық) | 800 | 1000 (1500) |
| 3 | Мұнайлық өнім | анықталмады | 0,1 |
| 4 | Алюминий ($Al^{3+}$) | 0,150 мкг/л | 0,5 мг/л |
| 5 | Барий ($Ba^{2+)}$ | 21,0 мкг/л | 0,1 |
| 6 | Бериллий ($Be^{2+}$) | анықталмады | 0,0002 |
| 7 | Бор (B) | 360 мкг/л | 0,5 |
| 8 | Темір (Fe) | 31,0 мкг/л | 0,3 (1,0) |
| 9 | Кадмий (Cd) | анықталмады | 0,001 |
| 10 | Марганец (Mn) | 41,0 мкг/л | 0,1 (0,5) |
| 11 | Мыс (Cu) | 1,80 мкг/л | 1,0 |
| 12 | Молибден (Mo) | 7,70 мкг/л | 0,25 |
| 13 | Мышьяк (As) | анықталмады | 0,05 |
| 14 | Никель (Ni) | 1,10 мкг/л | 0,1 |
| 15 | Нитраттар ($NO_3$) | 17,007 | 45 |
| 16 | Сынап (Hg) | анықталмады | 0,0005 |
| 17 | Қорғасын (Pb) | 71,0 нг/л | 0,03 |
| 18 | Селен (Se) | 0,890 мкг/л | 0,01 |
| 19 | Стронций ($Sr^{2+}$) | 270 мкг/л | 7,0 |
| 20 | Сульфаттар ($SO_4$) | 350 | 500 |
| 21 | Хлоридтер (CL) | 215,98 мг/л | 350 мг/л |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 22 | Хром ($Cr^{6+}$) | 0,340 мкг/л | 0,05 |
| 23 | Цинк ($Zn^{2+}$) | 2,00 мкг/л | 5,0 |
| 24 | Литий (Li) | 28,0 мкг/л | – |
| 25 | Магний (Mg) | 13,0 мг/л | – |
| 26 | Калий (K) | 16,0 мг/л | – |
| 27 | Кальций (Ca) | 3,80 мг/л | – |
| 28 | Скандий (Sc) | 74,0 нг/л | – |
| 29 | Титан (Ti) | 0,140 мкг/л | – |
| 30 | Ванадий (V) | 1,20 мкг/л | – |
| 31 | Кобальт (Co) | 80,0 нг/л | – |
| 32 | Цинк (Zn) | 2,00 мкг/л | – |
| 33 | Галлий (Ga) | 0,350 мкг/л | – |
| 34 | Германий (Ge) | 48,0 нг/л | – |
| 35 | Рубидий (Rb) | 1,80 мкг/л | – |
| 36 | Цирконий (Zr) | 23,0 нг/л | – |
| 37 | Палладий (Pd) | 0,170 мкг/л | – |
| 38 | Күміс (Ag) | 50,0 нг/л | – |
| 39 | Қалайы (Sn) | 12,0 нг/л | – |
| 40 | Сурьма (Sb) | 79,0 нг/л | – |
| 41 | Вольфрам (W) | 68,0 нг/л | – |
| 42 | Рений (Re) | 60,0 нг/л | – |
| 43 | Уран (U) | 2,00 мкг/л | – |

Екінші құдықтың суы өнімді әрі мол шықты. Суы тіпті қатты өніп, қабырғасын опырып құлатып, сырыпты бұзып жіберді. Музей қызметкерлерінің табандылығы арқасында опырылған құдық қайта аршылып, жұмыстар әрі қарай сәтті жалғасты. Құдық суымен салыстырмалы сараптау жасау үшін этномедициналық мақсатта қолданатын жергілікті жердің жер үсті суының бір үлгісі сулы-батпақты массасына да сараптама жасалды. Ауылдың шығыс жағындағы ойпатқа жиналатын қар, жаңбыр суы тартылғанмен орны қаққа айналмай, сулы қара майлы батпақты масса болып тұрады. Жергілікті халық сулы қара батпақты буын ауруларын емдеу үшін сырттай сылауға, бұлауға жылытып пайдаланады. Массаны денеде кепкенше ұстап, жуып тастайды. Экспедиция барысында осы халық емдік деп танитын сулы қара батпаққа химиялық сараптама жасалынып, б р сищт40 элемент анықталды (3-кесте).

«Хан ордасы» ауылынан алынған жер үсті батпақты сайының сулы массаның химиялық сараптамасы (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Физика-химиялық әдістерді зерттеу және сарапмата орталығы. 31.09.2019)
[Chemical analysis of underground wet mud at the «Khan Ordasy» village (Al-Farabi KazNU, Center of Physical-Chemical Research and Expertise. 31.09.2019)]

*3-кесте*
*Table 3*

| № | Анықталған көрсеткіштердің атауы | Өлшем бірлігі | Нақты алынған нәтиже |
|---|---|---|---|
| 1 | Натрий (Na) | г/кг | 3,96 |
| 2 | Магний (Mg) | г/кг | 1,90 |
| 3 | Алюминий (Al) | г/кг | 1,47 |
| 4 | Калий (K) | г/кг | 0,222 |
| 5 | Кальций (Ca) | г/кг | 2,22 |
| 6 | Темір (Fe) | г/кг | 15,5 |
| 7 | Стронций (Sr) | г/кг | 0,106 |
| 8 | Литий (Li) | мг/кг | 2,22 |
| 9 | Бор (B) | мг/кг | 7,28 |
| 10 | Скандий (Sc) | мг/кг | 0,285 |
| 11 | Титан (Ti) | мг/кг | 66,5 |
| 12 | Ванадий (V) | мг/кг | 2,69 |
| 13 | Хром (Cr) | мг/кг | 0,317 |
| 14 | Марганец (Mn) | мг/кг | 99,7 |
| 15 | Кобальт (Co) | мг/кг | 0,522 |
| 16 | Никель (Ni) | мг/кг | 2,22 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 17 | Мыс (Cu) | мг/кг | 0,712 |
| 18 | Цинк (Zn) | мг/кг | 4,12 |
| 19 | Галлий (Ga) | мг/кг | 0,665 |
| 20 | Германий (Ge) | мг/кг | 0,427 |
| 21 | Рубидий (Rb) | мг/кг | 2,22 |
| 22 | Иттрий (Y) | мг/кг | 0,601 |
| 23 | Цирконий (Zr) | мг/кг | 1,58 |
| 24 | Ниобий (Nb) | мг/кг | 0,122 |
| 25 | Палладий (Pd) | мг/кг | 0,130 |
| 26 | Цезий (Cs) | мг/кг | 0,237 |
| 27 | Барий (Ba) | мг/кг | 13,1 |
| 28 | Лантан (La) | мг/кг | 2,06 |
| 29 | Церий (Ce) | мг/кг | 6,17 |
| 30 | Празеодим (Pr) | мг/кг | 0,633 |
| 31 | Неодим (Nd) | мг/кг | 2,69 |
| 32 | Самарий (Sm) | мг/кг | 0,522 |
| 33 | Европий (Eu) | мг/кг | 0,117 |
| 34 | Гадолиний (Gd) | мг/кг | 0,522 |
| 35 | Диспрозий (Dy) | мг/кг | 0,443 |
| 36 | Иттербий (Yb) | мг/кг | 0,222 |
| 37 | Вольфрам (W) | мг/кг | 0,152 |
| 38 | Платина (Pt) | мг/кг | 0,190 |
| 39 | Қорғасын (Pb) | мг/кг | 3,64 |
| 40 | Уран (U) | мг/кг | 0,348 |

*Құдық суын шығаруға арналған құрсаулы шелек*

Құдық түрлерін зерттеу, құдықтың терең, таяздығына қарай қолданылған шелек түрлері мен олардың жасалуының дәстүрлі әдістерін талдауға алып келеді. Құдық шелектерінің қандай да түрі болмасын оларды су шығару үшін, адамның, малдың тіршілігін сумен қамтамасыз ету үшін пайдаланған (Қазақтың этнографиялық, 2017: 4 т., 781). Қазіргі таңдағы дайын өнім тауары ретіндегі шелектер, т.б. су ыдыстары, байырғы шелектер, байырғы су ыдыстарының түрлері мен олардың жасалуының дәстүрлі әдістері қандай болған деген сауалдың шешімін табуға жетелейді.

Құдықтардың құрсаулы шелегін, сабын, су ішетін саптыаяғын қайта қалпына келтірген Т. Жүргенов атындағы Ұлттық Өнер Академиясының Сәндік қолданбалы өнер кафедрасының маманы, ағаш шебері — Мақсат Мағзумов. Екі шелектің де құрсауын соққан, шекіген темір ұстасы, зергер — Естай Даубаев. Бірінші Хан құдығының шелегі келесідей дәстүрлі әдіспен жасалды: бірнеше жыл кептірілген жұмыр ағаш діңін екіге жарып, ортасын ұңғып ойылады; екі ойық ағаш бөлігін, біріктіріп, қайта қиюластыру үшін, ағаштан қысқа дөңгелек шыбық тәрізді етіп жонылған шеге жасалады; жақтауларына шегені отырғызатын арнайы ойық ойылады; ағаш шеге арқылы біріктіріп алған соң, ағаш шелекті суға салады, сонда әлгі шеге ісініп, орнына берік болып қатып қалады; ағаш суға салғанда жарылмас үшін, иінін қандыру үшін дайын ағаш шелекті қатты шыжғырылған майға қазанға салып қуырады. Құрастырып жасағандықтан, берік болу үшін темір құрсау орнатылып, оның өн бойына қанатты қошқармүйіз оюы шекілді. Шелек бауы кендір жіптен өрілді. Сиымдылығы – 8 л.



*7-сурет.* Құрастырылмалы ағаш шелек үшін ағаш діңінің ойылған бөліктері
[*Fig. 7.* Carved trees for a composite wooden bucket]

Екінші Хан құдығының шелегі бүтін ағаштан бүтін ойылған. Ағаш шелектің бұл түрі келесідей дәстүрлі әдіспен жасалған: кесілген ағаш дінінің сыртын арқанмен қатты етіп буып тастап, дін ортасына сексеуіл шоғын салып күйдіреді; шоғы ағашты баяу күйдіруі үшін жәймен желпуішпен үрлеп отырады; шоқты шығарып, күйген ағаш орнын ұңғып алып тастап отырады; шоқты осылайша қайта қайта салып, ағашты тереңдетіп күйдіру үшін желпіп отырады; қажетті тереңдікке дейін ойылып болғанда ағаштың иіні қану үшін дайын шелекті шыжғырылған майға қуырып алып, кепкен соң ара балы шырынымен сылайды. Сиымдылығы 5 литр су кететін тереңдікке дейін ұңғылған. Ағаш шелекті ұңғу әдісі келі жасау әдісіне ұқсайды (7–8-сурет).



а ә

*8-сурет.* Құдықтың ағаш шелек реконструкциясы: а) құрастырылған; ә) бүтін ойылған
[*Fig. 8.* Reconstruction of buckets for a well: a) prefabricated; b) solid cut]

Қазіргі таңда Қазақстан музейлерінің қай-қайсысында болмасын су сақтауға, су ішуге арналған ыдыстар саны шектеулі, кей музейлерде мүлдем кездеспейтіні анық. Көн шелек, тері

шелек, мес қауға, тері қауға сияқты, теріден жасалынған сыйымдылығы үлкен шелектердің сақталмауы, олардың тарихи реконструкциясын шығару мақсатын ортаға қояды. Хан құдықтары үшін тапсырыспен жасалған ағаш шелектің қайта қалпына келтірілген нұсқасы осы мақсаттың нәтижесі. Қазақстан музейлері тарихында алғаш болып жасалған осы екі ағаш шелек реконструкциясы «Хан Ордасы» қорық-музейінің пайдалануына берілді.

*Аспа шығыр*

Реконструкция жасалған № 1-құдыққа су шығаруға аспа шығыр да дәстүрлі әдіспен орнату жоспарланғанда өңірдегі аспа шығырларға алдын-ала зерттеу жүргізілді. Құдықтардың тал, қарағай, жыңғыл шеген түрлеріне су тарту үшін аспа шығырлардың орнатылуы дәстүрлі гидротехникалық білімнің нәтижесі. Аспа шығыр — таяз құдықтардан бастап, тереңдігі 5–10 м-ге дейін болатын құдықтан су тартуға адам еңбегін жеңілдету үшін орнатылған қондырғы. Баған түрінде орнатылған ағашы *дере* деп аталып, биіктігі 3–5 м. болатын бөренеден жасалады (Қараңыз: 5-сурет). Деренің жоғарғы жағына ұзын жеңіл ағаш қанатты ұстап тұратын, қозғалысқа келтіретін *шығыршық* орнатылады. Деренің қанат орнатылатын жоғарғы бөлігі *қармақ* деп аталады. Шығыршықты осы қармаққа орнатады. Қанаттың бір басына арқан/жіп немесе темір сым арқылы қауға, екінші қанаттың басына темірден *жүк* немесе *бастырық* байланады. Жүк ретінде темір орнына ертеде ағаш бөрененің бөлігін де орнатқан. Жүктің салмағы су толған қауға салмағымен тепе-тең болуы керек. Аспаға орнатылатын қауғаның сиымдығы 10 литр шамасында болған. Қанаттың басына байланатын арқан жергілікті жерде жіп деп атала береді. Жіпке ағаш сап, сапқа қауға байланады (9-сурет). Саптың бір басына жіп өткізетін, екінші басына қауғаны байлайтын жіп өткізетін тесік жасайды. Арқан/жіп 2 немесе 3 тінді болып келеді.

## Қорытынды

Хан Ордасында табиғи ағын судың болмауы, жергіліктіхалықтың дәстүрлігидротехникалық халық білімнің ерекше түрін игеруіне алып келді. Құдық түрлерін зерттеу, құдықтың терең, таяздығына қарай қолданылған шелек түрлері мен олардың жасалуының дәстүрлі әдістерін талдауға алып келді. Құдық шелектерінің қандай да түрі болмасын оларды су шығару үшін, адамның, малдың тіршілігін сумен қамтамасыз ету үшін пайдаланған. Құдықтармен бірге олардың құрсаулы шелектерінің де қайта қалпына келтірілуі, аспа шығырдың орнатылуы бүтін бір келбетті береді. Құдықтың ағаш сұрыпталуы қорық құрамындағы басқа ағаш ғимараттармен үйлесім тауып тұрды. Құдық реконструкциясы отандық «музейлік этнография» ғылымында атқарылған тұңғыш тәжірибе.

### ДЕРЕККӨЗДЕР

БҚОМА — Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві.

ҚРОМА — Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекетік Архиві.

«Хан Ордасы» қорық-музейі — Батыс Қазақстан облыстық Хан Ордасы тарихи-мәдени, архитектуралық-этнографиялық музей-қорығы.

### SOURCES

WKRSA — West Kazakhstan Region State Archive.

CSARK — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan.

Museum-reserve “Khan Ordasy”— Western Kazakhstan Region the Khan Horde is Historical and Cultural, Architectural and Ethnographic museum-reserve.

### ӘДЕБИЕТТЕР

Ахмедсафин, 1949a — *Ахмедсафин У.М.* К методике определения амплитуды колебания уровня грунтовых вод в зоне действия магистральных каналов. Вестник АНКазССР. № 2(47). 1949. С. 83–85.

Ахмедсафин, 1949b — *Ахмедсафин У.М.* Подземные воды Западного Казахстана. Вестник АНКазССР. № 2(47). 1949. С. 61–71.

Водные ресурсы Казахстана, 1958–1959 — *Водные ресурсы Казахстана.* Каталог Центрального Государственного Архива РК. Часть 1-2. Алма-Ата, Типография ЦИНТИ, 1958–1959. 65 с.

Ержанова, 2018 — *Ержанова Ұ.* Батыс Қазақстан облысының ономастикалық кеңістігі. Монография. Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ РБО. 2018. 250 б.

Казанцев, 1867 — *Казанцев И.* Описание Киргиз-Кайсак, Санкт-Петербург, Типография Товарищества «Общественная польза» по Мойке. № 5. 1867.

Карта прогноза, 1961 — *Карта прогноза* артизианских бассейнов. Состав. У.М. Ахметсафин. Алматы, АНКазССР, 1961. / Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік архиві.

Қазақтың этнографиялық, 2017 — Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 5 томдық. 3-том. Редакторы Нұрсан Әлімбай. 2017. Алматы: Әлем Даму интеграция. 856 б.

Карта условий, 1942–1944. — *Карта условий сельско-хозяйственного водоснабжения КазССР*. Уральск. 1942–1944. /Сост.: Б.А. Федорович, С.Л. Кунев. Редактор Б.А. Федорович. Москва. Институт географии АНСССР, 1961. / БҚОМА.

Картаева, Бексейтов, 2019 — *Картаева Т., Бексейтов Г.* Экспедиция күнделігі (Батыс Қазақстан өңірі материалдары негізінде). Алматы: Қазақ университеті, 2019. 65 б.

Картаева, Даубаев, 2019 — *Картаева Т., Даубаев Е.* Хан ордасына оралған мұралар. Алматы: Қазақ университеті, 2019. 65 б.

Киттары, 1849 — *Киттары М.Я.* Ставка Хана Внутренней Киргизской Орды. Из журнала Министерства внутренных дел. Част 28. Книга 10. Том 11. Санкт-Петербург: Издательство Журавлев М.В. 1849. 49 с.

Лавров, Сочеванов, 1938 — *Лавров А.П., Сочеванов В.Е.* Об изучении водного режима в песчаной полупустыне. Метрология и гидрология. № 5, Май. Москва-Ленинград: Гидрометеорологическое издательство. 1938. С. 61–72.

Национальный атлас, 2010 — *Национальный атлас Республика Казахстан*. / Гл. ред. А.Р. Медеу. Алматы: VIT BRAND, 2010. 150 с.

Ханыков, 1847 — *Ханыков Я.В.* Очерк состояния Внутренней Киргизской Орды в 1841 году. // Записки РГО. Книга 2. Санкт-Петербург. 1847. С.27-60.

Харузин, 1888 — *Харузин А.* Степные очерки (Киргизы Букеевской Орды). Москва: Типография А.А. Левинсон, 1888. 192 с.

Якубов, 1955 — Якубов Т.Ф. Песчаные пустыни и полупустыни Северного Прикаспия. Москва: АНСССР, 1955. 532 с.

**REFERENCES**

Ahmedsafin, 1949a — *Ahmedsafin U.M.* K metodike opredelenija amplitudy kolebanija urovnja gruntovyx vod v zone dejstvija magistral'nyh kanalov [Towards a Method for Determining the Amplitude of Groundwater Level Fluctuations in the Area of Operation of Main Canals.] Bulletin of the Academy of Sciences of Kazakhstan. № 2(47). Almaty: Academy of Sciences, 1949. Pp. 83–85. (In Rus.).

Ahmedsafin 1949b — *Ahmedsafin U.M.* Podzemnye vody Zapadnogo Kazahstana. [Underground waters of Western Kazakhstan.] Bulletin of the Academy of Sciences of Kazakhstan. № 2(47). Almaty: Academy of Sciences, 1949. Pp. 61–71. (In Rus.).

Vodniye resursy — Vodniye resursy Kazakstana. Katalog Sentralnogo Gosudarstvennogo Arhiva RK. [Water resources of Kazakhstan. Catalog of the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. Part 1-2. Alma-Ata: Tipografiya SINTI, 1958–1959. (In Rus.).

Erzhanova 2018 — *Erzhanova U.* Batys Kazakstan oblysynyn onomastikalyk kenistigi. [The space of onomastics of the West Kazakhstan region]. Monograph. Oral: M. Utemissov West Kazakhstan State University, 2018. 250 p. (In Rus.).

Kazancev 1867 — *Kazancev I.* Opisanie Kirgiz-Kaisak. [Description of Kirghiz-Kaisaks]. Saint-Petersburg: Tipografija Tovarishhestva «Obshhestvennaja pol'za» po Moike No 5, 1867. (In Rus.).

Ahmetsafin (comp.), 1961 — *Ahmetsafin U.M.* Karta prognoza artizianskih basseinov [Forecast map of artesian basins]. Almaty: Academy of Science of Kazakh SSR, 1961. (In Rus.).

Haruzin 1888 — *Haruzin A.* Stepnye ocherki (Kirgizy Bukeevskoi Ordy). [Steppe essays (Kirghiz of the Bukey Horde)]. Moscow: Tipografiya A.A. Levinson, 1888. (In Rus.).

Jakubov, 1955 — Jakubov T.F. Peschanye pustyni i polupustyni Severnogo Prikaspija [Sandy deserts and semi-deserts of the Northern Caspian]. Moscow: Academy of Sciencs of the USSR, 1955. 532 p.

Kazaktyn etnografiyalyk, 2017 — Kazaktyn etnografiyalyk kategoriyalar, ugymdar men ataularynyn dasturli zhiesi. Enciklopediya. T. 4 [Traditional system of ethnographic categories, concepts and names of Kazakhs. Encyclopedia. Vol. 3. Editer Nursan Alimbay]. Almaty: Alem Damu integrasiya, 2017. 856 p. (In Kaz.).

Karta uslovii, 1942–1944, — Karta uslovii sel'sko-hozjajstvennogo vodosnabzheniya KazSSR. Ural'sk. 1942–1944. [Map of conditions of agricultural water supply of the Kazakh SSR. Uralsk]. Sost: B.A.Fedorovich, S.L. Kunev. Moscow: Institut ANSSSR, 1961. WKRSA (In Rus.).

Kartaeva, Bekseitov 2019 — *Kartaeva T., Bekseitov G.* Ekspediciya kundeligi (Batys Kazakstan oniri materialdary negizinde) [Expedition diary (based on materials from Western Kazakhstan)]. Almaty: Kazak universiteti, 2019. 65 p. [In Kaz.].

Kartaeva, Daubaev 2019 — *Kartaeva T., Daubaev E.* Han ordasyna oralgan muralar [The heritage returned to the Khan's headquarters]. Almaty: Kazak universiteti, 2019. 65 p. (In Rus.).

Kittary, 1849 — *Kittary M.Ja.* Stavka Hana Vnutrennei Kirgizskoi Ordy. [Headquarters of the Khan of the Inner Kirghiz Horde]. From the Log of MIA. Part 28, Book 10, Vol. 11. Sankt-Peterburg: Izdatelstvo Zhuravlev M.V. 1849. 49 p. (In Rus.).

Lavrov, Sochevanov, 1938 — *Lavrov A.P., Sochevanov V.E.* Ob izuchenii vodnogo rezhima v peschanoi polupustyne. Metrologija i gidrologija [About the study of the water regime in the sandy semi-desert. Meteorology and hydrology]. No 5, May. Moscow-Leningrad: Gidrometeorologicheskoe izdatel'stvo, 1938. Pp. 61–72. (In Rus.).

Medeu (ed.), 2010 — *Medeu A.R.* Nacional'nyi atlas Respublika Kazahstan. [National Atlas Republic of Kazakhstan] Almaty: VIT BRAND, 2010. 150 p. (In Rus.).

Hanykov 1841 — *Hanykov Ja.* Ocherk sostoyaniya vnutrennei Kirgizskoi Ordy v 1841 godu. Zapiski RGO. Kniga 2 [An outline of the state of the Inner Kirghiz Horde in 1841. RGO notes. Book 2]. Saint-Petersburg, 1847. s. 27–60 (In Rus.).

## МАЗМҰНЫ

### ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

**Бенхүр Ч., Жолдасұлы Т.**
ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖӘНЕ ТҮРІК МЕДИАСЫ......................................................................7
**Ван Каппел Г., Томас А.**
ҚАЗІРГІ ЗАМАН ЖӘНЕ ТОТАЛЬДЫ СОҒЫС: ТАБЫСТЫ АЛЬЯНС? (СЫНИ ТАЛДАУ)……………..16
**Қуанбай О.Қ.**
ЖАПОНИЯНЫҢ ПОСТБИПОЛЯРЛЫ ЖҮЙЕ ДӘУІРІНДЕГІ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ................................26
**Нұрмұхамбетов А.А.**
ХХ ҒАСЫР БАСЫНДА ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ
ОҚУЛЫҚТАР ДАЙЫНДАУДАҒЫ РӨЛІ.......................................................................................41
**Ошан Ж., Бөтөнөев Ж.С.**
ҚАЗАҚСТАН ШЫҒЫСТАНУШЫЛАРЫ ЗЕРТТЕУІНДЕГІ ҚЫТАЙ АРХИВІ
ҚҰЖАТТАРЫНДАҒЫ БҰРЫТТАР (ҚЫРҒЫЗДАР) ТУРАЛЫ МАҒЛҰМАТТАР……………………..…53
**Ужкенов Е.М., Шотанова Ғ.А., Морякова М.Т.**
ҚАЗАҚ ДАЛАСЫ ТАРИХЫНДАҒЫ КӨШПЕЛІ ЭЛИТА:
ЕЖЕЛГІ МЕМЛЕКЕТТЕН КӨШПЕЛІ ИМПЕРИЯҒА ДЕЙІН......................................................68

### ТАРИХ

**Бижигитова Қ.С. Джампеисова Ж.М.**
ХІХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ КАЗАКТАРЫ:
СӘЙКЕСТЕНДІРУ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ СӘЙКЕСТЕНДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ...................................................84
**Дүйсенова Н.К., Смағұлов Б.Қ.**
МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙДІҢ 1940–1950 ЖЫЛДАРДЫҢ
БАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ.........................................................................97
**Комилов Н., Қасымова, Д.Б., Байжұманова З.Б.**
«САДУАҚАСОВШЫЛДЫҚ» МӘНМӘТІНІНДЕГІ КСРО-ДАҒЫ
ТЕРГЕУ ІСІ МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ БҰРМАЛАУШЫЛЫҚТАРЫ (1928–1938)....................................111
**Конырова А.М.**
1860–1890 ЖЫЛДАРДАҒЫ ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ҚОНЫСТАНДЫРУ САЯСАТЫ: ТАРИХИ-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ............................................124
**Мұхатова О.Х.**
ВЕРНЫЙ ЕРЛЕР ГИМНАЗИЯСЫ ЖӘНЕ ЖЕТІСУ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ......................................138
**Ташағыл А., Мұқанова Г.Қ.**
КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰҢҒЫШ АСТАНАСЫНЫҢ ТАҒДЫРЫ...............................................154
**Шукеева А.Т., Буканова, Р.Г. Утегенов М.З.**
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТЫҢ ИГЕРУ
АУДАНДАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР ТАРИХЫ.......................................................................166

### АНТРОПОЛОГИЯ

**Картаева Т., Даубаев Е., Алтынбекова Э.**
«ХАН ОРДАСЫ» ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІНДЕГІ
ҚҰДЫҚТЫ ҚАЙТА ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ТӘЖІРИБЕСІ........................................................................179
**Сакенов С., Бороффка Н.**
ҚОЛА ОРАҚ-ШАЛҒЫ – БУРАБАЙ МАҢЫНАН ТАБЫЛҒАН ЗАТ…………………………………..…194

## СОДЕРЖАНИЕ

### ТЕОРИЯ МЕТОДОЛОГИИ

**Бенхүр Ч., Жолдасулы Т.**
НЕЗАВИСИМОСТЬ КАЗАХСТАНА И ТУРЕЦКАЯ ПРЕССА.........7
**Ван Каппель Г., Томас А.**
СОВРЕМЕННОСТЬ И ТОТАЛЬНАЯ ВОЙНА:
УДАЧНЫЙ АЛЬЯНС? (КРИТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ) .........16
**Қуанбай О.К.**
ВНЕШНЯЯ ПОЛИТИКА ЯПОНИИ В ЭПОХУ ПОСТБИПОЛЯРНОЙ СИСТЕМЫ.........26
**Нурмухамбетов А.А.**
РОЛЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ В ПОДГОТОВКЕ
УЧЕБНИКОВ НА КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ В НАЧАЛЕ XX ВЕКА.........41
**Ошан Ж., Ботоноев Ж.С.**
СВЕДЕНИЯ О БУРЫТАХ (КЫРГЫЗАХ) В КИТАЙСКИХ АРХИВНЫХ ДОКУМЕНТАХ,
ИЗУЧЕННЫХ КАЗАХСКИМИ ВОСТОКОВЕДАМИ.........53
**Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А., Морякова М.Т.**
КОЧЕВАЯ ЭЛИТА В ИСТОРИИ КАЗАХСКОЙ СТЕПИ:
ОТ РАННЕГО ГОСУДАРСТВА ДО КОЧЕВОЙ ИМПЕРИИ.........68

### ИСТОРИЯ

**Бижигитова К.С., Джампеисова Ж.М.**
ПРОБЛЕМЫ ИДЕНТИФИКАЦИИ И САМОИДЕНТИФИКАЦИИ
СЕМИРЕЧЕНСКИХ КАЗАКОВ В КОНЦЕ XIX–НАЧАЛЕ XX ВВ. .........84
**Дуйсенова Н.К., Смагулов Б.К.**
ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЦЕНТРАЛЬНОГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО МУЗЕЯ В ПЕРИОД 1940 – НАЧАЛА 1950-Х ГОДОВ.........97
**Комилов Н., Касымова Д.Б., Байжуманов З.Б.**
ПРЕДВЗЯТОСТЬ МАТЕРИАЛОВ СЛЕДСТВИЯ В СССР В КОНТЕКСТЕ
«САДВОКАСОВЩИНЫ» (1928–1938) .........111
**Конырова А.М.**
ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА ЦАРСКОЙ РОССИИ В КАЗАХСТАНЕ
В 1860–1890-Е ГОДЫ: ИСТОРИКО–ДЕМОГРАФИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ.........124
**Мухатова О.Х.**
ВЕРНЕНСКАЯ МУЖСКАЯ ГИМНАЗИЯ И ЖЕТЫСУСКИЕ
ДЕЯТЕЛИ ДВИЖЕНИЯ АЛАШ.........138
**Ташагыл А., Муканова Г.К.**
СУДЬБА ПЕРВОЙ СТОЛИЦЫ СОВЕТСКОГО КАЗАХСТАНА.........154
**Шукеева А.Т., Буканова Р.Г., Утегенов М.З.**
ИСТОРИЯ ПОВСЕДНЕВНОЙ ЖИЗНИ В ЦЕЛИННЫХ РАЙОНАХ
СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА.........166

### АНТРОПОЛОГИЯ

**Картаева Т., Даубаев Е., Алтынбекова Э.**
ПРАКТИКА РЕКОНСТРУКЦИИ КОЛОДЦА В МУЗЕЕ-ЗАПОВЕДНИКЕ «ХАН ОРДАСЫ» .........179
**Сакенов С., Бороффка Н.**
БРОНЗОВЫЙ СЕРП-КОСА – НАХОДКА ИЗ ОКРЕСТНОСТИ БУРАБАЯ.........194

## CONTENTS

### THEORY OF METHODOLOGY

**Benhür Ç., Zholdassuly T.**
INDEPENDENCE OF KAZAKHSTAN AND THE TURKISH PRESS.................................................................7
**Van Cappel G., Thomas A.**
MODERNITY AND TOTAL WAR: A SUCCESSFUL MARRIAGE?
(A CRITICAL ANALYSIS) ...........................................................................................................16
**Kuanbay O.К.**
JAPAN'S FOREIGN POLICY IN THE POST-BIPOLAR SYSTEM ERA...........................................................26
**Nurmukhambetov A.A.**
THE ROLE OF THE NATIONAL INTELLIGENTSIA IN THE PREPARATION
OF TEXTBOOKS IN KAZAKH LANGUAGE IN THE EARLY TWENTIETH CENTURY............................41
**Oshan ZH., Botonoev ZH.**
INFORMATION ABOUT THE BURYTS (KYRGYZ)
IN CHINESE ARCHIVE DOCUMENTS STUDIED BY KAZAKH ORIENTALISTS.....................................53
**Uzhkenov E.M., Shotanova G.A., Moryakova M.T.**
NOMADIC ELITE IN THE HISTORY OF THE KAZAKH STEPPE:
FROM THE EARLY STATE TO THE NOMADIC EMPIRE.............................................................68

### HISTORY

**Bizhigitova K., Jampeissova ZH.**
THE PROBLEMS OF IDENTIFICATION AND SELF-IDENTIFICATION
OF THE SEMIRECHYE COSSACKS IN THE LATE XIX$^{th}$ – EARLY XX$^{th}$ CENTURIES..............................84
**Duisenova N., Smagulov B.**
THE MAIN ACTIVITIES OF THE CENTRAL STATE MUSEUM
IN THE PERIOD BETWEEN 1940S AND EARLY 1950S....................................................................97
**Komilov N., Kassymova D., Baizhumanova Z.**
BIAS OF INVESTIGATION MATERIALS IN THE USSR
IN THE CONTEXT OF "SADVOKASOVSHINA" (1928–1938) ....................................................................111
**Кonyrova A.**
RESETTLEMENT POLICY OF TSARIST RUSSIA IN KAZAKHSTAN IN THE 1860S–1890S:
HISTORICAL AND DEMOGRAPHIC ANALYSIS..........................................................................124
**Mukhatova O.**
VERNY MEN’S GYMNASIUM AND ZHETYSU FIGURES OF THE ALASH MOVEMENT.....................138
**Tashagyl A., G. Mukanova G.**
THE FATE OF THE FIRST CAPITAL OF SOVIET KAZAKHSTAN............................................................154
**Shukeyeva A.T., Bukanova R.G., Utegenov M.Z.**
EVERYDAY LIFE HISTORY IN VIRGIN LANDS OF THE NORTH KAZAKHSTAN................................166

### ANTHROPOLOGY

**Kartaeva T., Daubaev Y., Altynbekova E.**
THE PRACTICE OF WELL RECONSTRUCTION IN THE
«KHAN ORDASY» MUSEUM- RESERVE.........................................................................................179
**Sakenov S., Boroffka N.**
THE BRONZE SICKLE-SCYTHE – A FIND FROM THE VICINITY OF BURABAY..................................194

**EDU.E-HISTORY.KZ**
электрондық ғылыми журналы

2023. 10(1)

*Бас редактор:*
*Қабылдинов З.Е.*

*Компьютерде беттеген:*
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 28.03.2023.
Пішімі 70х100/16. Баспа табағы 26,6.

*Құрылтайшысы және баспагері:*
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК
Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: https://edu.e-history.kz

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй